

- қосымша

Қазақстан Республикасы
Оқу - ағарту министрлігінің
2022 жылғы 16 қыркүйектегі
№ 399 бұйрығына
11-қосымша

**Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған
«Қазақ тілі» оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ
тілінде емес)**

Түсінік хат

«Қазақ тілі» оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы №12 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №35670 болып тіркелген).

«Қазақ тілі» оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы оқыту мен тәрбиенің біртұтастығын іске асыруды, базалық құндылықтарға негізделген мазмұндық концептілер арқылы білім алушының дүниетанымын, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

«Қазақ тілі» оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны бастауыш білім беру бағдарламасын аяқтаған білім алушының бойында тұлғаның өзін-өзі жетілдіру, тілдік және коммуникативтік, мәдени-әлеуметтік, еңбек, оқу-танымдық, зерттеушілік, ақпараттық-технологиялық түйінді құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағдарланады.

«Қазақ тілі» оқу пәнінің мақсаты – білім алушының ұлттық құндылықтар негізінде тілдік және коммуникативтік құзыреттіліктерің дамыту және қазақ тілінде сауатты сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.

«Қазақ тілі» оқу пәнін оқытудың міндеттері:

- 1) тілдік дағдыларды дамыту;
- 2) сөйлеу әрекеті түрлерін саналы, мақсатты түрде жүзеге асыруына қажетті тілдік білім мен дағдыларды қалыптастыру;
- 3) қазақ тіліндегі сөздік қорды біртіндеп және жүйелі меңгерту;
- 4) тұрмыста, қоғамдық орындарда, мәдени ортада қазақ тілінде қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту;
- 5) қазақ тілінде меңгерген білім, білік, дағдыларын күнделікті өмірде өздігінен қолдануға дағдыландыру;



6) байланыстырып сөйлеуін, ойын жүйелі, ретімен жеткізуі, өз көзқарасын еркін білдіруі, қиялын пайдаланып шығармашылықпен жұмыс істеуі, сондай-ақ салыстыру, талдау, сұрақ қою арқылы ойлана білу дағдыларын дамыту.

«Қазақ тілі» оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы білім алушылардың білім, білік, дағдыларына қойылатын тілдік білімді бағалаудың деңгейлік жүйесі талаптарын ескере отырып, құрастырылды. Білім алушылар бастауыш сыныпты аяқтағанда, қазақ тілін қарапайым А1, А2 деңгейлерінде меңгереді.

А1 деңгейінде білім алушы күнделікті-тұрмыстық жағдаяттарда шағын диалогтерге қатыса алады, баяу әрі анық айтылған ақпаратты түсінеді, шағын мәтіндерді оқиды және олардың мазмұнын түсінеді, оқыған мәтін бойынша жазба жұмыстарын орындайды.

А2 деңгейінде білім алушы сұрақтар қояды және сұрақтарға жауап береді, өзінің қарапайым пікірін айтады, ақпаратты өз сөзімен жеткізеді, шағын мәтінді оқиды, мазмұнын айтады, грамматикалық формаларды дұрыс қолданып, жазба жұмыстарын орындайды.

Білім алушылар бастауыш сыныпты аяқтағанда, төмендегідей пәндік нәтижелерге қол жеткізеді:

1) тыңдалым: қарым-қатынас жасаудың әлеуметтік-тұрмыстық және әлеуметтік-мәдени салалары үшін өзекті аудиовизуалды материалдардың мазмұнын түсінеді; мәтіннің тақырыбын, негізгі ойын және маңызды ақпараттарды өз деңгейінде түсініп, мазмұнын дұрыс жеткізе алады; қарым-қатынас жасау жағдаяттарына, кіммен, қай жерде сөйлесіп тұрғанына қарай сөзін қалай айту керектігін түсінеді және соған сәйкес сөйлей біледі; түрлі пікірлерді ескере отырып, оқығаның/әңгіменің мазмұнын болжайды;

2) айтылым: алдын ала дайындалған жазбалар мен жоспарды пайдалана отырып, әңгіменің, оқығаның мазмұнын жеткізеді; оқығаны, естігені бойынша сұрақ қояды және көзқарасын білдіреді; ұсынылған тақырып пен белгіленген коммуникативтік тапсырма бойынша өз ойын жүйелі түрде білдіреді, сөйлемдерді ретімен байланыстырып, түсінікті ауызша жауап құрастырады; әлеуметтік-тұрмыстық қарым-қатынаста түрлі тілдік жағдаяттарға сай өзінің коммуникативтік ниетін білдіре отырып, диалогқа қатысады;

3) оқылым: оқу түрлері мен стратегияларын пайдалана отырып, мәтіндерді оқиды; таныс емес сөздері бар мәтіннен негізгі ақпаратты, автордың көзқарасын түсінеді; көркем мәтіндерді көркем емес мәтіндерден ажырата алады; идеяны, оқиғаларды және кейіпкерлердің әрекеттерін түсінеді; түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты табады; сөздіктер мен анықтамалықтарды пайдаланып, таныс емес сөздердің мағынасын анықтайды; көркем мәтіндерін түсіну арқылы адамзатқа ортақ ізгілік, мейірімділік, достық, әділеттілік сияқты құндылықтарды таниды және бағалайды;

4) жазылым: тыңдалған мәтіннің, оқылған ақпараттың және көрген оқығаның мазмұнын жазбаша түрде қарапайым сөйлемдермен жеткізе алады; оқиға қатысты кейіпкерлердің әрекеттерін сипаттайды; орфографиялық, грамматикалық және пунктуациялық нормаларды ескере отырып, баяндау (баяндаусыз) сипатындағы мәтіндерді құрастыру үшін тиісті лексикалық бірліктерді пайдаланады.

Оқу бағдарламасының мазмұны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға негізделіп, тәрбиелік, білімдік және дамытушылық мақсаттарды бірлікте жүзеге асыру арқылы білім алушының қазақ тілі жөніндегі түсінігін тереңдетуге, меңгерген тілдік дағдыларын күнделікті өмірде, әлеуметтік ортада еркін қолдануына мүмкіндік береді.

Оқыту процесінде білім алушылар тәуелсіздікті, Отанын сүюді, бірлік пен достықты, әділдік пен жауапкершілікті, еңбекке ұқыптылықты және шығармашылықты құрметтеуді үйренеді. Бұл құндылықтар білім алушылардың қазақ тіліне деген қызығушылығын арттыруға, айналасындағы адамдармен жақсы қарым-қатынас орната білуге көмектеседі. Білім алушылар «Тіл», «Адам», «Отан», «Отбасы», «Ар-ождан», «Мәдениет», «Еңбек», «Табиғат», «Білім», «Намыс» сияқты маңызды ұғымдармен танысып, ұлттық құндылықтар мен рухани дүниетаным туралы түсініктерін кеңейтеді.

1-параграф. Оқу процесін ұйымдастыру

1. «Қазақ тілі» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары көлемі:

- 1) 1-сыныпта аптасына 2 сағат, барлығы 66 сағат;
- 2) 2-сыныпта аптасына 3 сағат, барлығы 102 сағат;
- 3) 3-сыныпта аптасына 3 сағат, барлығы 102 сағат;
- 4) 4-сыныпта аптасына 4 сағат, барлығы 136 сағатты құрайды.

2. «Қазақ тілі» оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы құндылыққа, тұлғаға бағдарланған, құзыреттілік, конструктивистік, белсенділік, коммуникативтік, инклюзивті тәсілдерді қолдана отырып іске асырылады.

3. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың ұсынымдарына сәйкес ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар үшін олардың мүмкіндіктерін ескере отырып бейімделеді.

2-параграф. Оқу пәнінің мазмұны

4. «Қазақ тілі» оқу пәнінің оқу бағдарламасының мазмұны бөлімдер арқылы ұйымдастырылған. Бөлімдер әр сынып бойынша күтілетін нәтиже түрінде берілген оқу мақсаттарын қамтитын бөлімшелерден тұрады.

5. Әр бөлімшеде көрсетілген оқу мақсаттары педагогке білім алушылармен жұмысты жүйелі түрде жоспарлауға, сондай-ақ олардың жетістіктерін бағалауға және оқытудың келесі кезеңдері туралы хабардар етуге мүмкіндік береді.

6. «Қазақ тілі» оқу пәнінің 1-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

1) тыңдалым: жиі қолданылатын сөздер мен сөз тіркестері, қарапайым тақпақтар мен санамақтар, шағын мәтіндегі жаңа сөздер, қарапайым нұсқаулар, құттықтау, пікірлер, хабарламалар, сұрақтар, затты көрсету, суретті таңдап алу, қимыл мен ым-ишара арқылы түсінгенін білдіру;

2) айтылым: танысу, өзі туралы айту, затты сипаттау, сурет/иллюстрация/постер бойынша сөйлеу, жиі қолданылатын сөздер мен сөз

тіркестері, қарапайым сұрақ-жауап, қысқаша диалог, монолог, жағдаяттар, қарапайым («иә/жоқ», «ұнайды/ұнамайды»), «дұрыс/дұрыс емес» пікірлер;

3) оқылым: оқудың түрлері, жиі қолданылатын сөздерді тұтас оқу, қарапайым фразалар, тақпақтар мен санамақтар, иллюстрация/постер бойынша қарапайым сұрақтар мен жауаптар (кім? не? қандай? қанша?), сөздік, анықтамалықтармен жұмыс, орфоэпия;

4) жазылым: жиі қолданылатын сөздер мен сөз тіркестері, сөйлемнің соңында қойылатын тыныс белгілері, азат жол, тасымал, төл әріптердің каллиграфиясы, айтылуы мен жазылуында айырмашылығы жоқ сөздер, орфография;

5) сөйлеу әрекеттері аясындағы тілдік дағдылар (лингвистикалық терминдер оқыту барысында қолданылмайды) бойынша: фонетика: артикуляция, орфоэпия (буын деңгейінде жуан\жіңішке дыбыстарды меңгерту), қазақ тілінің төл дыбыстары, буын, интонация, Үндестік заңы (буын деңгейінде меңгерту); лексика: тақырыпқа қатысты лексикалық минимум, жиі қолданылатын сөздер, бейтарап сөздер, репликалар, қаратпа сөздер; грамматика: зат атауын білдіретін сөздер (жекеше/көпше), тәуелдік жалғауы (жекеше түрі: I жағы, II жағы (сенің); III жағы), ілік, барыс, жатыс, табыс септігі жалғаулары, заттың сынын, түрін, түсін білдіретін сөздер, заттың есебін, ретін білдіретін сөздер (1-10 арасындағы сандар), жіктеу (мен, сен, сіз, ол), сілтеу (бұл, мынау, ол), сұрау (Кім? Не? Кімдер? Нелер? Қандай? Қанша\Неше? Қайда? Қашан? Кімді? Нені?) мағынасындағы сөздер, бұйрық рай (II жағы, жекеше түрі) , болымды/болымсыз етістік, етістіктің шақ формасы (ауыспалы осы шақтың жекеше түрі) мезгілді білдіретін сөздер, модаль сөздер (бар, жоқ, емес), сөз тіркестері, сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі, жалаң және жайылма сөйлемдер.

7. «Қазақ тілі» оқу пәнінің 2-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

1) тыңдалым: тақырыпқа байланысты шағын диалог/монологтің мазмұнын түсіну, тыңдау/көру материалдарындағы негізгі ойды анықтау, тірек сөздер бойынша тақырыбын болжау, кесте толтыру және суреттерді орналастыру арқылы түсінгенін білдіру, тыңдалым бойынша жағымды/жағымсыз кейіпкерлерді ажырату;

2) айтылым: тақырып бойынша шағын диалог/монолог, сұрақтар құрастыру, пікір айту, жағдаяттарды талдау, этикет сөздерді қолдану, шағын мәтінді мазмұндау, кейіпкерлерді сипаттау, сурет/иллюстрация/постер бойынша сөйлеу, оқиғаларды және кейіпкерлерді салыстыру;

3) оқылым: оқудың түрлері, шағын мәтінді рөлге бөліп, мәнерлеп, түсініп оқу, қарапайым фразалар, мәтіннің жанрын (өлең, жаңылтпаш, жұмбақ, ертегі, әңгіме) ажырату, сөздікпен, анықтамалықтармен жұмыс;

4) жазылым: сурет/комикс/иллюстрация бойынша мәтін құрастыру, тыңдау/көру материалдарының мазмұны, төл әріптердің каллиграфиясы, айтылуы мен жазылуында айырмашылығы жоқ сөздер, орфография, тасымал;

5) сөйлеу әрекеттері аясындағы тілдік дағдылар (лингвистикалық терминдер оқыту барысында қолданылмайды) бойынша: фонетика: төл дыбыстарының дұрыс айтуы, орфоэпия, интонация, буын және дыбыс үндестігі, ә, ө, ү, ұ, і, ң, қ, ғ, һ дыбыстары қатысқан сөздерді дұрыс айту; лексика: тақырыпқа қатысты лексикалық минимум, жиі қолданылатын сөздер, бейтарап



сөздер, репликалар, қаратпа сөздер, әдеп сөздер, антонимдер; грамматика: заттың атын (жалпы/жалқы) білдіретін сөздер, ілік, табыс, жатыс септіктері, көмекші есімдер (аст, үст, іш, жан), ауызша/жазбаша тілдегі етістіктің шақ (ауыспалы осы шақтың жекеше түрі), жедел өткен шақ (жекеше түрі), бұйрық рай формалары (II жағы, жекеше түрі), қалып етістіктері, сұрау есімдіктері, жалғаулық шылаулар (мен, және), әдеп сөздер, дайын сөйлеу клишелері, сөйлем құрылысын заттың сынын, көлемін, түсін білдіретін сөздермен кеңейту: Менде қызыл қарындаш бар. Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі, жай сөйлемдер, жай сөйлемдерді «себебі», «бірақ» шылаулары арқылы байланыстыру.

8. «Қазақ тілі» оқу пәнінің 3-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

1) тыңдалым: тақырыпқа байланысты шағын диалог/монологтің мазмұнын түсіну, тыңдау/көру материалдарындағы негізгі ойды анықтау, таныс сөздер мен қысқа фразаларды ұғу, күнделікті өмірде жиі қолданылатын сұхбаттарды пікірлесуді түсіну, таныс тақырыптар бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру;

2) айтылым: сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі, үлгілерді/жоспарларды пайдаланып, тақырып көлемінде сөйлесу, әдеп сөздер мен сөз тіркестерін қолдану, тақырып бойынша шағын диалог/монолог, сұрақтар құрастыру, пікір айту, жағдаяттарды талдау, таныс атауларды, сөздерді оқып, түсіну, үлгі бойынша тапсырмаларды орындау;

3) оқылым: оқудың түрлері, шағын мәтінді рөлге бөліп, мәнерлеп, түсініп оқу, қарапайым фразалар, мәтіннің жанрын ажырату, мәтіннің тақырыбын және ондағы негізгі ойды анықтау, мәтінге, сюжетті суреттерге тақырып қою, тақырып (мәтіннің аты), тірек сөздер арқылы мәтіннің мазмұнын болжау;

4) жазылым: сурет/постер/комикстер бойынша шағын мәтін құрап жазу, оқыған, тыңдаған материалдары, сұрақтар мен жоспар бойынша мазмұнын жазу, дұрыс құрылмаған мәтінді түзеп қайта жазу;

5) сөйлеу әрекеттері аясындағы тілдік дағдылар (лингвистикалық терминдер оқыту барысында қолданылмайды) бойынша; фонетика: төл дыбыстарды дұрыс айту, орфоэпия, интонация, айтылуы мен жазылуында айырмашылығы бар сөздерді дұрыс айту; лексика: тақырыпқа қатысты лексикалық минимум, жиі қолданылатын сөздер, бейтарап сөздер, репликалар, қаратпа сөздер, этикет сөздер, антонимдер, (меніңше, менің ойымша) қыстырма сөздері; грамматика: ауызша/жазбаша тілдегі біріккен сөздер мен қос сөздер, деректі/дерексіз зат есімдер, шығыс, көмектес септіктері, заттың қасиеттерін, сапасын білдіретін сөздер, есептік, реттік сан есім, жіктеу есімдігі (біз, сендер, сіздер, олар), жалпылау есімдіктері (барлық), етістіктің шақтары: ауыспалы осы шақ, жедел өткен шақ (көпше түрі) тұйық етістік, мезгіл және қимыл-сын үстеулер (күнде, жиі, сирек), жалғаулық шылаулар (да, де, та, те, немесе), сөз тіркестері, сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі (зат есім, сын есімнің жай сөйлемдегі баяндауыштық қызметі: Менің анам – инженер), жай сөйлемдердің арасындағы салыстыру, себеп-салдар мағыналық байланысты «ал», «өйткені», «сондықтан» шылаулары арқылы байланыстыру.

9. «Қазақ тілі» оқу пәнінің 4-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

1) тыңдалым: әңгімелер мен ақпаратты тыңдау және негізгі ойды түсіну, мәтінді көркемдеу үшін қолданылған жеке сөздерді өз бетімен түсіне алу, жиі қолданылатын кейбір сөздерді өз бетімен түсіне алу;

2) айтылым: берілген тақырып бойынша пікір алмасу, айтылған немесе тыңдау/көру материалдарындағы әңгіме немесе ақпараттағы негізгі ойдың сипаттамасы, әдеп сөздер мен сөз тіркестерін қолдану, тақырып бойынша диалог/монолог құрастыру, жағдаяттарды талдау, шағын көркем шығармаларды оқып түсіну, үлгі бойынша тапсырмаларды орындау, сөйлеу стилін сақтау;

3) оқылым: мәтіннің түрлері, шағын мәтіндегі негізгі ойды түсіну, қарапайым фразалар, мәтіннің жанрын ажырату, мәтіннің тақырыбын және ондағы негізгі ойды анықтау, мәтінге сұрақтар (қандай? қай? қашан? қайда?) құрастыру және оған жауап беру, тірек сөздер арқылы мәтіннің мазмұнын болжау;

4) жазылым: шағын сюжетті комикс/буклет/коллаж/жарнама/презентацияны сөйлемдермен толықтыру, оқыған, тыңдаған, тыңдау/көру материалдары, сұрақтар мен жоспар бойынша мазмұнын жазу, дұрыс құрылмаған мәтінді түзеп қайта жазу, жазу емлесі;

5) сөйлеу әрекеттері аясындағы тілдік дағдылар (лингвистикалық терминдер оқыту барысында қолданылмайды) бойынша; фонетика: төл дыбыстардың артикуляциясы, орфоэпия, айтылуы мен жазылуында айырмашылығы бар сөздерді дұрыс айту, сұрақ қою, жауап беру барысында дауыс ырғағын дұрыс қою, интонацияны дұрыс қолдану; лексика: тақырыпқа қатысты лексикалық минимум, жиі қолданылатын сөздер, бейтарап сөздер, репликалар, қаратпа сөздер, этикет сөздер, антонимдер, (меніңше, менің ойымша) қыстырма сөздері, дайын сөйлеу клишелері (Бәрекелді!), берілген сөздерге қарама-қарсы және мағыналас сөздерді анықтау; грамматика: көмекші сөздер (қас, арт, алд, сырт, арасы, қарсы), ауызша/жазбаша тілдегі көптік/тәуелдік/жіктік/септік жалғаулар, етістіктің ауыспалы осы шағы, жедел өткен шақ, ауыспалы келер шақ, қалау рай формалары (менің, сенің, оның + ауыспалы осы/келер шақта), жіктеу есімдігінің септелуі, үстеу және оның түрлері (мезгіл, мекен, күшейткіш: «өте, ең»), модаль сөздер, дайын сөйлеу клишелері (Бәрекелді!), сөз тіркестері, сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі, жай сөйлемдер, жай сөйлемнің бірыңғай мүшелері.

3-параграф. Оқу пәні бойынша күтілетін нәтижелерге бағдарланған оқу мақсаттары

10. Оқу пәні бойынша күтілетін нәтижелерге бағдарланған оқу мақсаттары бастауыш білім беру деңгейінде білім алушының өзін-өзі жетілдіру, тілдік және коммуникативтік, мәдени-әлеуметтік, оқу-танымдық, зерттеушілік, ақпараттық-технологиялық түйінді құзыреттіліктерді қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

11. Күтілетін нәтиже түріндегі оқу мақсаттары сөйлеу әрекетінің төрт дағдысын (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) және тілдік нормаларды қолдану біліктілігін қалыптастырады.

12. Оқу мақсаттары 5 бөлімнен тұрады:



- 1) тыңдалым;
 - 2) айтылым;
 - 3) оқылым;
 - 4) жазылым;
 - 5) тілдік нормаларды қолдану
- «Тыңдалым» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:
- 1) тыңдаған материалдың мазмұнын түсіну;
 - 2) сөздердің лексикалық мағынасын түсіну;
 - 3) тыңдаған аудио/бейнематериалдың мазмұнын түсіну;
 - 4) мәтіндегі негізгі, қосымша ақпараттарды түсіну;
 - 5) тыңдалым материалын болжау.
- «Айтылым» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:
- 1) сөздік қорды толықтыру;
 - 2) берілген тақырып бойынша сөйлеу;
 - 3) түрлі жағдаяттарда қарым-қатынасқа түсу (диалог);
 - 4) оқыған/тыңдаған материалды мазмұндау;
 - 5) оқыған/тыңдаған материал бойынша пікірін білдіру;
 - 6) орфоэпиялық нормаларды сақтау.
- «Оқылым» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:
- 1) оқу түрлерін қолдану;
 - 2) мәтіннің мазмұнын түсіну;
 - 3) мәтіннің түрлері мен жанрын анықтау;
 - 4) сұрақтар мен жауаптар құрастыру;
 - 5) түрлі дереккөздерден қажетті ақпараттарды алу.
- «Жазылым» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:
- 1) мәтінді түрлі формада ұсыну;
 - 2) тыңдаған/оқыған материалдың мазмұнын жазу;
 - 3) пунктуациялық нормаларды сақтау;
 - 4) каллиграфиялық дағдыларды дамыту;
 - 5) орфографиялық дағдыларды дамыту.

«Тілдік нормаларды қолдану» бөлімі бастауыш сыныптарда бір бөлімшеден тұрады: грамматикалық нормаларды сақтау (лингвистикалық терминдерді қолданбау). Бұл бөлімде құрылымдық лингвистика категориялары туралы білім коммуникативті-функционалды лингвистика ұстанымдарымен байланыста беріледі.

13. Оқу мақсаттары бөлім бойынша әр сыныпқа берілген:

- 1) тыңдалым:

Бөлімше (түйінді дағдылар)	«Тыңдалым» бөлімі бойынша оқу мақсаттары			
	1-сынып А1	2-сынып А1	3-сынып А1	4-сынып А2
1.1 Тыңдаған материалдың мазмұнын түсіну	1.1.1.1 баяу және анық айтылған	2.1.1.1 баяу және анық айтылған	3.1.1.1 анық айтылған сөздерді	4.1.1.1 анық айтылған

	сөздерді зейін қойып тыңдау, түсіну және тиісінше іс-әрекет жасау (қимыл, ым-ишараны қолдану)	сөздерді /қарапайым фразалар мен сөйлемдерді тыңдау, түсіну, қайталау	/фразалар мен сөйлемдерді тыңдап, түсінгені бойынша сұрақтарға жауап беру	сөздерді /фразаларды/ сөйлемдерді тыңдап, жекелеген фразалардың мағынасын нақтылау мақсатында сұрақтар қою
1.2 Сөздердің лексикалық мағынасын түсіну	1.1.2.1 баяу және анық айтылған жиі қолданылатын сөздердің мағынасын түсіну	2.1.2.1 баяу және анық айтылған жиі қолданылатын сөздерден құралған қарапайым фразалардың мағынасын түсіну	3.1.2.1 баяу және анық айтылған жиі қолданылатын сөздер мен сөз тіркестерінен құралған шағын мәтіндердің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру	4.1.2.1 бейтаныс сөздер мен сөз тіркестері (5-6 сөз) бар мәтіннің мағынасын мәнмәтінге қатысты анықтап түсіну
1.3 Тыңдаған аудио/бейнематериалдың мазмұнын түсіну	1.1.3.1* тыңдаған мәтіннің (10-15 сек) мазмұны бойынша мұғалімнің қолдауымен сұрақтарға жауап беру/ сәйкес фото/сюжетті	2.1.3.1* тыңдаған материалдың (15-20 сек) мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру / фотоны /сюжетті суреттер	3.1.3.1* тыңдаған материалдың (20-25 сек) мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру/ диалог/монолог құрастыру	4.1.3.1* тыңдаған материалдың (25-30 сек) мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру /сюжеттің даму желісі бойынша

	суреттер/сызбалар таңдау	/сызбалар таңдау/сипаттау		иллюстрациялар орналастыру / кесте толтыру/ мазмұндау
1.4 Мәтіндегі негізгі, қосымша ақпараттарды түсіну	1.1.4.1 мұғалімнің қолдауымен тыңдаған материалдың кім/не туралы екенін түсіну	2.1.4.1* тыңдаған материалдың мазмұнын түсіну / мұғалімнің қолдауымен жағымды және жағымсыз кейіпкерлерді анықтау	3.1.4.1* тыңдаған мәтіннің тақырыбын, жағымды және жағымсыз кейіпкерлерді, мұғалімнің қолдауымен оқиғалар ретін, анықтау	4.1.4.1 тыңдаған мәтін бойынша оқиғаның себеп-салдарлық байланысын (кейіпкерлер оқиға) анықтау
1.5 Тыңдалым материалын болжау	1.1.5.1 мәтіннің тақырыбын иллюстрация арқылы болжау	2.1.5.1* мәтіннің тақырыбын / мазмұнын тірек сөздер, сөз тіркестері арқылы болжау	3.1.5.1* мәтіннің тақырыбын / мазмұнын / кейіпкерлер әрекетін тірек сөздер/ иллюстрация арқылы болжау	4.1.5.1* тыңдаған оқиға/әңгіме бөліктерінің жалғасын болжау

2) айтылым:

Бөлімше (түйінді дағдылар)	«Айтылым» бөлімі бойынша оқу мақсаттары			
	1-сынып А1	2-сынып А1	3-сынып А1	4-сынып А2
2.1 Сөздік қорды	1.2.1.1 сөйлеу	2.2.1.1 қажетті	3.2.1.1 берілген	4.2.1.1 берілген

толықтыру	барысында тақырыпқа сәйкес жаңа сөздерді орынды қолдану	ақпаратты сұрау, іс-әрекетке түсініктеме беру үшін сөздер және сөз тіркестерін қолдану	тақырыпқа қатысты сөздерді анықтау және сөйлеу барысында қолдану	сөздерге қарама-қарсы және мағыналас сөздерді анықтау, сөйлеу барысында қолдану»
2.2 Берілген тақырып бойынша сөйлеу	1.2.2.1* сурет/үлгі бойынша хабарлы және сұраулы сөйлемдердің интонациясын дұрыс қойып айту (1-2 сөйлем)	2.2.2.1 сюжетті сурет негізінде сөйлеу (2-3 сөйлем)	3.2.2.1 берілген тірек сөздер негізінде сөйлеу (3-4 сөйлем)	4.2.2.1 берілген тірек сөздер мен жоспардың негізінде қысқа монолог құру
2.3 Түрлі жағдаяттарда қарым-қатынасқа түсу (диалог)	1.2.3.1* сұхбаттасушының не туралы айтқанын түсіну және үлгі бойынша жауап беру/қысқаша сұрақ қою	2.2.3.1* күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттар бойынша сұхбаттасушыға нақтылау сұрақтарын қою/ диалогке қатысу барысында этикет сөздерді қолдану	3.2.3.1 белгілі тақырыптағы әңгімеге қатысу және сұхбаттасушыны түсіну және олардың ойын толықтыру	4.2.3.1* белгілі бір тақырыпта сұхбаттасу барысында шағын мәліметті (4-5 сөйлем) баяндау/ кері байланыс беру кезінде сөйлемдегі сөздердің орын тәрібін сақтау, дауыс ырғағын келтіріп сөйлеу
2.4 Оқыған/тыңдаған материалды	1.2.4.1* фото/сурет/ ойыншықтарды	2.2.4.1* суретті жоспар және тірек	3.2.4.1 жоспар (сурет, сызба түрінде) және	4.2.4.1* жоспар/жазбаларын қолданып,



мазмұндау	қолданып, шағын мәтінді үлгі бойынша мазмұндау	сөздер/сұрақта р негізінде шағын мәтінді мазмұндау	тірек сөздер негізінде оқиға желісін сақтай отырып мазмұндау	мәтінді толық мазмұндау
2.5 Оқыған/тыңдаған материал бойынша пікірін білдіру	1.2.5.1* мұғалімнің қолдауымен оқыған/тыңдаған материал туралы қарапайым пікірін білдіру (“дұрыс/дұрыс емес”, “ұнайды/ұнамайды” үлгісінде)	2.2.5.1* оқыған/тыңдаған материал бойынша өз пікірін білдіру (“дұрыс/дұрыс емес”, “ұнайды/ұнамайды” үлгісінде)	3.2.5.1 қыстырма сөздерін (Меніңше / Менің ойымша) қолданып, оқыған/тыңдаған материал бойынша өз пікірін білдіру	4.2.5.1 оқыған/тыңдаған материал бойынша өзінің /өзгенің пікірін білдіру, дәлелдеу (Менің ойымша, ... /оның ойынша, ... себебі...)
2.6 Орфоэпиялық нормаларды сақтау	1.2.6.1 мұғалімнің қолдауымен ә, ө, ұ, Ұ, і, ң, қ, ғ, һ дыбыстарын дұрыс айту, жұп дыбыстардың (а-ә, о-ө, ұ-ү, ы-і, л-р, н-ң, с-з, ш-ш, ж-ж, п-б, к-қ, г-ғ) ерекшеліктерін ажырату	2.2.6.1 ә, ө, ұ, Ұ, і, ң, қ, ғ, һ дыбыстары қатысқан сөздерді дұрыс айту, сөз сазын (ырғақ, қ, екпін, әуен, қарқын, кідіріс) сақтау	3.2.6.1 мұғалімнің қолдауымен сөздерді, дыбыстарды орфографиялық сәйкес дұрыс айту, н, ң дыбыстарын (ң дыбысының айтылуы) ажырата білу	4.2.6.1 айтылуы мен жазылуында айырмашылығы бар сөздерді үндестік заңына сәйкес ажырату, сұрақ қою, жауап беру барысында дауыс ырғағын дұрыс қою, интонацияны дұрыс қолдану

3) оқылым:

Бөлімше	«Оқылым» бөлімі бойынша оқу мақсаттары
---------	--

(түйінді дағдылар)				
	1-сынып А1	2-сынып А1	3-сынып А1	4-сынып А2
3.1 Оқу түрлерін қолдану	1.3.1.1 жиі қолданылатын сөздерді тұтас оқу	2.3.1.1* шағын мәтінді түсініп, мұғалімнің көмегімен мәнерлеп (дауыс ырғағын дұрыс қойып)/рөлге бөліп оқу	3.3.1.1* мәтінді немесе оның бөлімдерін мәнерлеп оқу, шолып (танысу мақсатында) оқу/ рөлге бөліп оқу, уақытқа оқу	4.3.1.1* мәтінді іштей, түсініп және қажетті ақпаратты тауып/шолып/белгі қойып оқу, уақытқа оқу
3.2 Мәтіннің мазмұнын түсіну	1.3.2.1 шағын мәтіндегі жиі қолданылатын сөздердің мағынасын түсіну	2.3.2.1 шағын мәтіндегі жиі қолданылатын сөздерден құрастырылған қарапайым фразалардың/сөйлемдердің мағынасын түсіну	3.3.2.1 жиі қолданылатын сөздер мен фразалардан құрастырылған шағын мәтіндегі негізгі ойды түсіну	4.3.2.1 бейтаныс сөздер (6-8сөз) кездесетін шағын мәтіндегі негізгі ойды түсіну
3.3 Мәтіннің түрлері мен жанрларын анықтау	1.3.3.1 мұғалімнің қолдауымен мәтіннің жанрын (санамақ, тақпақ) ажырату	2.3.3.1 мұғалімнің қолдауымен мәтіннің жанрын (жұмбақ, ертегі) ажырату	3.3.3.1 мұғалімнің қолдауымен мәтіннің жанрын (өлең, әңгіме) ажырату	4.3.3.1 мұғалімнің қолдауымен мәтіннің жанрын (мақал-мәтелдер, аңыз-әңгімелер) ажырату
3.4 Сұрақтар мен жауаптар құрастыру	1.3.4.1 мұғалімнің қолдауымен мәтін немесе	2.3.4.1 мәтіннің мазмұны немесе иллюстрация/постер бойынша қарапайым	3.3.4.1 мәтін мазмұны мен кейіпкерлерінің іс-әрекетін	4.3.4.1 мұғалімнің қолдауымен мәтін мазмұнын

	иллюстрация бойынша қарапайым сұрақтар (кім? не? қандай? қанша\неше?) қою және қысқаша жауап беру	сұрақтар кім? не? қандай? қанша\неше?) қою және оған жауап беру	нақтылау үшін сұрақтар (қандай? қай? қашан? қайда?) құрастыру және оған жауап беру	және кейіпкерлердің іс-әрекетін анықтауға бағытталған сұрақтар (неге? не үшін?) құрастыру және оған жауап беру
3.5 Түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты алу	1.3.5.1* мұғалімнің қолдауымен ақпаратқа сәйкес иллюстрацияны таңдау/иллюстрациялы шағын мәтіннен қажетті ақпаратты табу	2.3.5.1 мұғалімнің қолдауымен аудармалармен сөздіктен сөзді табу	3.3.5.1 тыңдаған/оқыған мәтіннен кейіпкерге қатысты ақпараттарды табу	4.3.5.1 тыңдаған/оқыған мәтіннен, ғаламтордан нақты/қажетті ақпараттарды табу

4) жазылым:

Бөлімше (түйінді дағдылар)	«Жазылым» бөлімі бойынша оқу мақсаттары			
	1-сынып А1	2-сынып А1	3-сынып А1	4-сынып А2
4.1 Мәтінді түрлі формада ұсыну	1.4.1.1 мұғалімнің қолдауымен тақырыпқа негізделген суреттерді қолданып, постер/сөйле	2.4.1.1 тірек сөздерді, сөйлем, суреттерді пайдаланып, қарапайым постер, құттықтау,	3.4.1.1 сурет, белгі, сызба, тірек сөздерді қолдана отырып, берілген тақырыпқа жай сөйлемдер/мәтін/ постер	4.4.1.1 шағын сюжетті комикс/буклет/коллаж/жарнама /презентацияны толықтыру

	мді суретпен толықтыру	нұсқаулық (қауіпсіздік ережесі) құрастыру	құрастыру/жазу	
4.2 Тыңдаған/оқыған/көрген материалдың мазмұнын жазу	1.4.2.1* оқыған/аудио/бейнематериалдар негізінде заттардың таныс атауларын жазу	2.4.2.1* оқыған/аудио/бейнематериалдың мазмұны бойынша сұраққа жауап (сөйлем) жазу	3.4.2.1* оқыған/аудио/бейне материалдың мазмұнын тірек сөздерді қолданып жазу	4.4.2.1* оқыған/аудио/бейнематериалдың мазмұнын дайын жоспар мен тірек сөздер негізінде жазу
4.3 Пунктуациялық нормаларды сақтау	1.4.3.1 мұғалімнің қолдауымен жай сөйлем түрлерінің (хабарлы, сұраулы) тыныс белгілерін дұрыс қою	2.4.3.1 мұғалімнің қолдауымен сөйлем түрлерін айтылу мақсатына қарай ажырату және тиісті тыныс белгілерін (нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі) қою	3.4.3.1 жай сөйлемнің соңында қойылатын тыныс белгілерді өз бетінше қолдану	4.4.3.1 сөйлемнің бірыңғай мүшелерінің тыныс белгісін (үтір, қос нүкте)/қаратпа сөзден кейінгі сөйлемнің тиісті тыныс белгілерін қолдану
4.4 Каллиграфиялық дағдыларды дамыту	1.4.4.1 бас әріптер мен кіші әріптерді дұрыс байланыстырып, көркем жазу	2.4.4.1 бас әріптер мен кіші әріптердің биіктігін, енін, көлбеулігін және олардың байланысын, азат жолдың және тақырыптың өлшемін сақтап	3.4.4.1 кең жолды дәптерге бас әріптер мен кіші әріптердің биіктігін, енін, көлбеулігін және олардың байланысын сақтап жазу / қазақ тілінің төл	4.4.4.1 каллиграфиялық нормаларға сәйкес әріптерді (сөздерді дұрыс жазу) көркем жазу

		жазу	сөздер қатысқан мәтінді тыңдап, қатесіз (диктант) дұрыс жазу	
4.5 Орфографиялық дағдыларды дамыту	1.4.5.1* мұғалімнің қолдауымен ә, ө, ү, ұ, і, н, қ, ғ, һ әріптері кездесетін сөздерді анықтап, дұрыс жазу	2.4.5.1 у, и, й, я, ю, әріптерінің емлесін сақтап жазу; айтылуы мен жазылуы бірдей сөздерді көшіріп және есте сақтау арқылы жазу	3.4.5.1 н, дыбыстарын (нұндесуі, айтылуы дыбысы жазылатын сөздер) ажырата білу; э, в, ф, ц, ч, щ, х, һ, дыбыстары мен әріптерінің ерекшеліктерін білу, оларды емлеге сай жазу	4.4.5.1 дыбыстардың (нұндесуі, айтылуы мен жазылуы арасында айырмашылығы бар) сөздерді ажырату/ жазу
	1.4.5.2 мұғалімнің қолдауымен бас әріппен жазылатын сөздерді (кісі есімдері, жер-су атаулары, үй жануарларын а берілген ат) ажырату	2.4.5.2 сөзді буынға бөлу және мұғалімнің қолдауымен сөзді тасымалдап жазу	3.4.5.2 дауыссыз п-б, қ-ғ, к-г дыбыстары кездесетін сөздердің емлесін сақтап жазу	4.4.5.2 сөзге қосымшалар жалғау кезінде үндестік заңын сақтау

5) тілдік нормаларды қолдану:

Бөлімше (түйінді дағдылар)	«Тілдік нормаларды қолдану» бөлімі бойынша оқу мақсаттары			
	1-сынып А1	2-сынып А1	3-сынып А1	4-сынып А2
5.1 Грамматика	1.5.1.1* мұғалімнің	2.5.1.1* мұғалімнің	3.5.1.1* мұғалімнің	4.5.1.1* мұғалімнің

лық нормаларды сақтау (лингвистикалық терминдерді қолданбау)	қолдауымен бар, жоқ / емес көмекші етістігін орынды қолдану заттың атын /сынын/санын/іс-қимылын білдіретін сөздерді айту	қолдауымен керек/қажет модаль сөздерін қолдану; сөйлем құрылысын /заттың сынын, көлемін, түсін білдіретін сөздермен кеңейту	қолдауымен сияқты модаль сөзін, заттың қасиеттерін, сапасын білдіретін сөздер, есептік, реттік сан есім, жіктеу есімдігі (біз, сендер, сіздер, олар), жалпылау есімдіктері (барлық) ауызша/жазбаш а тілде қолдану	қолдауымен шылауларды, көмекші сөздерді, жай сөйлемдер, жай сөйлемнің бірыңғай мүшелерін ауызша/жазбаш а тілде қолдану
	1.5.1.2* мұғалімнің қолдауымен көптік/тәуелдік/жіктік/септік жалғауларын дұрыс айту	2.5.1.2* мұғалімнің қолдауымен шағын мәтіндегі көптік/тәуелдік/септік/жіктік жалғаулы сөздерді ауызша/жазбаш а тілде қолдану	3.5.1.2* иллюстрацияларды ауызша/жазбаш а сипаттауда көптік/ тәуелдік /септік /жіктік жалғаулы сөздерді өз бетінше орынды қолдану	4.5.1.2* тыңдаған/оқыған мәтін мазмұнына сәйкес сұраулы/хабарлы сөйлемдер құрастыруда көптік/ тәуелдік /септік/жіктік жалғауларын дұрыс қолдану
	1.5.1.3* мұғалімнің қолдауымен етістіктің шақ, бұйрық рай, болымды/болымсыз формаларын сөйлеу барысында қолдану	2.5.1.3* сөйлеу барысында сөйлемдегі етістіктің шақ, рай, болымды/болымсыз етістік формаларын орынды қолдану	3.5.1.3* иллюстрацияны сипаттауда/әңгіме мелеуде етістіктің шақ, рай, болымды/болымсыз формаларын ауызша/жазбаш а тілде қолдану	4.5.1.3* тыңдаған/оқыған мәтіннің мазмұны бойынша монологке, диалогке қатысуда етістіктің шақ, рай, болымды/болымсыз

				мсыз формаларын орынды қолдану
1.5.1.4* мұғалімнің қолдауымен сөйлеу барысында жіктеу/сілтеу есімдіктерін дұрыс қолдану	2.5.1.4 мұғалімнің қолдауымен сұрау есімдіктерін ауызша/жазбаш а тілде дұрыс қолдану	3.5.1.4* септеулі жіктеу есімдіктерін / мен, бен, пен, және шылауларын ауызша/жазбаш а тілде дұрыс қолдану	4.5.1.4* септеулі жіктеу есімдіктерін /себебі, өйткені шылауларын монолог/диалог құрастыру барысында орынды қолдану	
1.5.1.5* мұғалімнің қолдауымен сөз тіркестерін/ сөйлемдер құрастыруда сөздердің орын тәртібін сақтап айту	2.5.1.5* мұғалімнің қолдауымен хабарлы/сұрау ы жай сөйлемдер құрастыруда сөздердің орын тәртібін сақтау/тыныс белгілерін дұрыс қою	3.5.1.5* сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтап иллюстрацияла р бойынша әңгімелеу/сипат тау/тыныс белгілерін дұрыс қою	4.5.1.5* тыңдаған/оқыға н мәтін мазмұнын ауызша/жазбаш баяндауда сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтау / тыныс белгілерін дұрыс қою	

Оқу мақсаттары кодтық белгімен берілген. Кодтық белгідегі бірінші цифр сыныпты, екінші және үшінші цифрлар бөлім мен бөлімшені, төртінші цифр оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 4.2.1.2 кодында «4» сынып, «2.1» екінші бөлімнің бірінші бөлімшесі, «2» оқу мақсатының реттік саны.

14. Жұлдызша (*) және «/» белгісі арқылы берілген оқу мақсаттары бөліп қарастыруға болатын оқу материалын көрсетеді.

15. Педагог қолданыстағы оқу-әдістемелік кешендер мен «Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатына, сондай-ақ үлгілік оқу жоспарына сәйкес ортамерзімді жоспар (ОМЖ) құру барысында оқу сағаттарын, тақырыптарды тоқсандарға бөледі.

16. Осы оқу бағдарламасы Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу



бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

17. Тілдерді игеру деңгейін бағалау жүйесіне сәйкес білім алушылар А1, А2 деңгейлерін меңгеруі үшін осы үлгілік оқу бағдарламасының 2-қосымшасында келтірілген лексика-грамматикалық минимумды игереді.

4- параграф. Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар (оқыту қазақ тілінде емес)

1) 1-сынып:

Ортақ тақырыптар / құндылықтар	Бөлім (сөйлеу әрекеттерінің түрлері)	Бөлімше (түйінді дағдылар)	Оқу мақсаттары
1-тоқсан			
1. Менің отбасым (Отбасы, Адам)	Тыңдалым	1.1 Тыңдаған материалдың мазмұнын түсіну	1.1.1.1 баяу және анық айтылған сөздерді зейін қойып тыңдау, түсіну және тиісінше іс-әрекет жасау (қимыл, ым-ишараны қолдану)
		1.2 Сөздердің лексикалық мағынасын түсіну	1.1.2.1 баяу және анық айтылған жиі қолданылатын сөздердің мағынасын түсіну
		1.3 Тыңдаған аудио/бейнематериалдың мазмұнын түсіну	1.1.3.1* тыңдаған мәтіннің (10-15 сек) мазмұны бойынша мұғалімнің қолдауымен сұрақтарға жауап беру/ сәйкес фото/сюжетті суреттер/сызбалар таңдау
2. Мен мектепке барамын (Білім)	Айтылым	2.1 Сөздік қорды толықтыру	1.2.1.1 сөйлеу барысында тақырыпқа сәйкес жаңа сөздерді



			орынды қолдану
		2.3 Түрлі жағдаяттарда қарым-қатынасқа түсу (диалог)	1.2.3.1* сұхбаттасушының не туралы айтқанын түсіну және үлгі бойынша жауап беру/қысқаша сұрақ қою
		2.6 Орфоэпиялық нормаларды сақтау	1.2.6.1 мұғалімнің қолдауымен ә, ө, ү, ұ, і, ң, қ, ғ, һ дыбыстарын дұрыс айту, жұп дыбыстардың (а-ә, о-ө, ұ-ү, ы-і, л-р, н-ң, с-з, с-ш, ж-ш, п-б, к-қ, г-ғ) ерекшеліктерін ажырату
	Тілдік нормаларды қолдану	5.1 Грамматикалық нормаларды сақтау	1.5.1.1* мұғалімнің қолдауымен бар, жоқ модаль сөздерін / емес көмекші етістігін орынды қолдану / заттың атын /сынын/санын/іс-қимылын білдіретін сөздерді айту
			1.5.1.4* мұғалімнің қолдауымен сөйлеу барысында жіктеу/сілтеу есімдіктерін дұрыс қолдану
			1.5.1.5* мұғалімнің қолдауымен сөз тіркестерін/ сөйлемдер құрастыруда сөздердің орын тәртібін сақтап айту
2-тоқсан			
3. Менің досым (Адам, Ар-ұждан)	Тыңдалым	1.1 Тыңдаған материалдың мазмұнын түсіну	1.1.1.1 баяу және анық айтылған сөздерді зейін қойып тыңдау, түсіну және тиісінше іс-әрекет жасау (қимыл, ым-



4. Менің үйім / киіз үйім (Мәдениет)			ишараны қолдану)
		1.2 Сөздердің лексикалық мағынасын түсіну	1.1.2.1 баяу және анық айтылған жиі қолданылатын сөздердің мағынасын түсіну
		1.3 Тыңдаған аудио/бейнематериалдың мазмұнын түсіну	1.1.3.1* тыңдаған мәтіннің (10-15 сек) мазмұны бойынша мұғалімнің қолдауымен сұрақтарға жауап беру/ сәйкес фото/сюжетті суреттер/сызбалар таңдау
		1.4 Мәтіндегі негізгі, қосымша ақпараттарды түсіну	1.2.4.1* фото/сурет/ ойыншықтарды қолданып, шағын мәтінді үлгі бойынша мазмұндау
		1.5 Тыңдалым материалын болжау	1.2.5.1* мұғалімнің қолдауымен оқыған/тыңдаған материал туралы қарапайым пікірін білдіру (“дұрыс/дұрыс емес”, “ұнайды/ ұнамайды” үлгісінде)
	Айтылым	2.1 Сөздік қорды толықтыру	1.2.1.1 сөйлеу барысында тақырыпқа сәйкес жаңа сөздерді орынды қолдану
		2.2 Берілген тақырып бойынша сөйлеу	1.2.2.1* сурет/үлгі бойынша хабарлы және сұраулы сөйлемдердің интонациясын дұрыс қойып айту (1-2 сөйлем)
		2.3 Түрлі жағдаяттарда қарым-қатынасқа түсу (диалог)	1.2.3.1* сұхбаттасушының не туралы айтқанын түсіну және үлгі бойынша жауап беру/қысқаша сұрақ қою



		2.4 Оқыған/ тыңдаған материалды мазмұндау	1.2.4.1* фото/сурет/ ойыншықтарды қолданып, шағын мәтінді үлгі бойынша мазмұндау
		2.6 Орфоэпиялық нормаларды сақтау	1.2.6.1 мұғалімнің қолдауымен ә, ө, ү, ұ, і, ң, қ, ғ, һ дыбыстарын дұрыс айту, жұп дыбыстардың (а-ә, о-ө, ұ-ү, ы-і, л-р, н-ң, с-з, с-ш, ж-ш, п-б, к-қ, г-ғ) ерекшеліктерін ажырату
Оқылым		3.1 Оқу түрлерін қолдану	1.3.1.1 жиі қолданылатын сөздерді тұтас оқу
		3.4 Сұрақтар мен жауаптар құрастыру	1.3.4.1 мұғалімнің қолдауымен мәтін немесе иллюстрация бойынша қарапайым сұрақтар (кім? не? қандай? қанша\неше?) қою және қысқаша жауап беру
Жазылым		4.5 Орфографиялық дағдыларды дамыту	1.4.5.1* мұғалімнің қолдауымен ә, ө, ү, ұ, і, ң, қ, ғ, һ әріптері кездесетін сөздерді анықтап, дұрыс жазу
Тілдік нормаларды қолдану	5.1 Грамматикалық нормаларды сақтау		1.5.1.1* мұғалімнің қолдауымен бар, жоқ модаль сөздерін / емес көмекші етістігін орынды қолдану / заттың атын /сынын/санын/іс-қимылын білдіретін сөздерді айту
			1.5.1.2* мұғалімнің қолдауымен етістіктің шақ, бұйрық рай, болымды/ болымсыз формаларын сөйлеу

			барысында қолдану
			1.5.1.3* мұғалімнің қолдауымен етістіктің шақ, бұйрық рай, болымды/ болымсыз формаларын сөйлеу барысында қолдану
			1.5.1.4* мұғалімнің қолдауымен сөйлеу барысында жіктеу/сілтеу есімдіктерін дұрыс қолдану
			1.5.1.5* мұғалімнің қолдауымен сөз тіркестерін/ сөйлемдер құрастыруда сөздердің орын тәртібін сақтап айту
3-тоқсан			
5. Алма арбасы (Табиғат, Еңбек)	Тыңдалым	1.1 Тыңдаған материалдың мазмұнын түсіну	1.1.1.1 баяу және анық айтылған сөздерді зейін қойып тыңдау, түсіну және тиісінше іс-әрекет жасау (қимыл, ым-ишараны қолдану)
6. «Әлди-әлди» - бесік жыры		1.2 Сөздердің лексикалық мағынасын түсіну	1.1.2.1 баяу және анық айтылған жиі қолданылатын сөздердің мағынасын түсіну
(Отбасы, Адам, Мәдениет)		1.3 Тыңдаған аудио/бейнематериалдың мазмұнын түсіну	1.1.3.1* тыңдаған мәтіннің (10-15 сек) мазмұны бойынша мұғалімнің қолдауымен сұрақтарға жауап беру/ сәйкес фото/сюжетті суреттер/сызбалар таңдау



Айтылым	1.4 Мәтіндегі негізгі, қосымша ақпараттарды түсіну	1.2.4.1* фото/сурет/ойыншықтарды қолданып, шағын мәтінді үлгі бойынша мазмұндау
	1.5 Тыңдалым материалын болжау	1.2.5.1* мұғалімнің қолдауымен оқыған/тыңдаған материал туралы қарапайым пікірін білдіру (“дұрыс/дұрыс емес”, “ұнайды/ұнамайды” үлгісінде)
	2.2 Берілген тақырып бойынша сөйлеу	1.2.2.1* сурет/үлгі бойынша хабарлы және сұраулы сөйлемдердің интонациясын дұрыс қойып айту (1-2 сөйлем
	2.3 Түрлі жағдаяттарда қарым-қатынасқа түсу (диалог)	1.2.3.1* сұхбаттасушының не туралы айтқанын түсіну және үлгі бойынша жауап беру/қысқаша сұрақ қою
	2.4 Оқыған/ тыңдаған материалды мазмұндау	1.2.4.1* фото/сурет/ойыншықтарды қолданып, шағын мәтінді үлгі бойынша мазмұндау
	2.5 Оқыған/тыңдаған материал бойынша пікірін білдіру	1.2.5.1* мұғалімнің қолдауымен оқыған/тыңдаған материал туралы қарапайым пікірін білдіру (“дұрыс/дұрыс емес”, “ұнайды/ұнамайды” үлгісінде)
	2.6 Орфоэпиялық нормаларды сақтау	1.2.6.1 мұғалімнің қолдауымен ә, ө, ү, ұ, і, ң, қ, ғ, һ дыбыстарын дұрыс айту, жұп дыбыстардың (а-ә, о-ө, ұ-ү, ы-і, л-р, н-ң, с-з, с-ш, ж-ш, п-б, к-қ, г-ғ)

			ерекшеліктерін ажырату
Оқылым	3.1 Оқу түрлерін қолдану	1.3.1.1 жиі қолданылатын сөздерді тұтас оқу	
	3.2 Мәтіннің мазмұнын түсіну	1.3.2.1 шағын мәтіндегі жиі қолданылатын сөздердің мағынасын түсіну	
	3.3 Мәтіннің түрлері мен жанрларын анықтау	1.3.3.1 мұғалімнің қолдауымен мәтіннің жанрын (санамақ, тақпақ) ажырату	
	3.4 Сұрақтар мен жауаптар құрастыру	1.3.4.1 мұғалімнің қолдауымен мәтін немесе иллюстрация бойынша қарапайым сұрақтар (кім? не? қандай? қанша\неше?) қою және қысқаша жауап беру	
	3.5 Түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты алу	1.3.5.1* мұғалімнің қолдауымен ақпаратқа сәйкес иллюстрацияны таңдау/ иллюстрациялы шағын мәтіннен қажетті ақпаратты табу	
Жазылым	4.1 Мәтінді түрлі формада ұсыну	1.4.1.1 мұғалімнің қолдауымен тақырыпқа негізделген суреттерді қолданып, постер/сөйлемді суретпен толықтыру	
	4.2 Тыңдаған/оқыған/көрген материалдың мазмұнын жазу	1.4.2.1* оқыған/ аудио /бейнематериалдар негізінде заттардың таныс атауларын жазу	
	4.4 Каллиграфиялық	1.4.4.1 бас әріптер мен	



